

Мерзімдік және алдын ала декларациялау процедурасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттің кеден комитеті 1997 жылғы 23 маусым N 161-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 7 тамызда тіркелді. Тіркеу N 347. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы бұйрығымен. ~V011442

Тауарларды кедендік ресімдеу процедурасын жетілдіру мен жеделдету мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 20.07.95 ж. N 2368 Z952368_ "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 202-бабына сәйкес бұйырамын:

1. "Тауарларды мерзімдік декларациялау процедурасын пайдалану кезінде импортталатын тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібі" (1-қосымша) бекітілсін.

2. "Алдын ала декларациялау кезінде импортталатын тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібі" (2-қосымша) бекітілсін.

3. Тауарларды мерзімдік және алдын ала декларациялау процедурасын пайдалану кезінде мәлімделген тауарлардың белгіленген тәртіпке сәйкес кедендік ресімдеу аяқталғанға дейін өзге жерлерде кедендік бақылаумен уақытша сақтауда болуы мүмкін деп белгіленсін.

4. Кеден комитеттің 1995 жылғы 24 мамырдағы N 16-п Бұйрығының күші

жойылған болып табылсын.

5. Облыстық кеден басқармаларының бастықтары қызметі кеден басқармалары мен кедендердің аймақтарында жүргізілетін декларанттарға және өзге де ынталы ұйымдар мен кәсіпорындарға осы бұйрықтың мазмұнын жеткізсін.

6. Бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

7. Баспасөз қызметі (Мұратбаева Ә.) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауын қамтамасыз етсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Төрағаның орынбасары В. Кирдановқа жүктелсін.

Төраға

1-қосымша

Мерзімдік декларациялау процедурасын пайдалану кезінде импортталатын тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібі

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 20 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Жарлығының 202-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мерзімдік декларациялауды пайдалана отырып, кеден процедураларын осы тәртіпке сәйкес белгілі бір ғана адамның жүйелі түрде жеткізетін белгілі бір ғана тауарларына қатысты қолдануға болады.

Осы ережелердегі пайдаланылатын ұғымдар:

"Мерзімдік декларациялау процедурасы" кедендік ресімдеу мақсаттары үшін кеден органының жекелеген жеткізілімдердің немесе көлік құралдарының санына қарамастан күнтізбелік ай ішінде белгілі бір ғана импортталатын тауарларды бірыңғай топтама деп қарастыратын тауарларын еркін айналымға шығарудың кеден режимі қолданылатын тауарларды декларациялау процедурасын білдіреді.

1. Жалпы ережелер

1.1. Мерзімдік декларациялау процедурасы осы ережелердің 2.9.-тармағында сипатталған ай сайынғы мерзімдік кедендік декларацияларды одан әрі ұсына отырып, осы ережелердің 2.6.-тармағында сипатталған оңайлатылған декларациялау жолымен тауарды еркін айналымға шығаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

1.2. Мерзімдік кедендік декларациялар және осы ережелерде айтылатын жүк-тауар жолдау құжаттарындағы кеден органның оңайлатылған декларациялау туралы белгісі кеден органының мерзімдік декларациялау процедурасы бойынша тауарлы еркін айналымға шығару туралы шешімі қабылданған күні күшіне енетін, бірыңғай ажырамас құжат деп қаралады.

1.3. Егер тауарлардың сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасының тоғыз таңбалы коды бар болса, олар белгілі бір ғана тауарлар деп қарастырылады.

1.4. Егер бір адам айына белгілі бір ғана тауардың жеткізілімін екі не одан

көп рет жүргізетін болса, тауар жүйелі түрде жеткізілетін тауар деп қарастырылады.

1.5. Тауарларды мерзімдік декларациялау кезінде кеден баждарының, салықтарының, өзге де төлемдердің ставкалары, кеден органының мерзімдік кедендік декларацияны қабылдаған күні қолданылып отырған заңдардың өзге де ережелері қолданылады.

1.6. Мерзімдік декларациялау процедурасымен орналастырылатын тауарлар осы ережелердің 2.6.-тармағына сәйкес кедендік ресімдеу аяқталғанға дейін өзге жерлерде кедендік бақылаумен уақытша сақтауда бола алады.

2. Кедендік ресімдеудің тәртібі

2.1. Мерзімдік декларациялауды пайдаланғысы келген адам мерзімдік декларациялауды пайдалануға жазбаша рұқсат беру жөнінде өтінішті мерзімдік декларациялау процедурасын пайдалану жоспарланып отырған кеден органына қайырылады. Өтініште:

1. Мерзімдік декларациялау процедурасына сәйкес импортталатын

тауарлар (СЭҚ ТН тауар коды көрсетіліп);

2. Айына тауарды жеткізудің болжалды жиілігі мен көлемі;

3. Тауардың шыққан елі;

4. Экспортшының (экспортшылардың) және шет елдік тауар өндірушінің (өндірушілердің) атауы;

5. Меншік құқы немесе осы тауарды иемдену құқы анықталған келісім-шарттың немесе өзге де құжаттың нөмірі;

6. Тауарлардың болжалды кедендік құны;

7. Алушының кеден төлемдерін алдын ала төлейтіндігі туралы кепілі көрсетілуі тиіс.

Өтінішке заңды тұлғаның басшысы немесе оның орындағы адам, сондай-ақ бас бухгалтер қол қояды.

2.2. Кеден органының тауарларды мерзімдік декларациялауға рұқсатын кеден органы:

а) тауарларды сыныптауға;

б) тауарлардың шыққан еліне, оның ішінде импортталатын тауарға қатысты Кедендік тариф ставкалары бойынша төлемдерін салудан босату түрінде

преференциальдық режим, сондай-ақ, салықтар салудан босату белгіленген жағдайдағыға қатысты алдын ала шешім қабылданатын болса, белгіленген нысанда (1 б-қосымша) береді,

Рұқсат кеден органының депозитті шотына кеден төлемдері мен салықтарын төлеудің алдын ала сомасы түскен сәттен бастап қолданылады деп есептеледі.

Кеден төлемдері мен салықтарын төлеудің ай сайынғы алдын ала сомасын кеден органы импортталатын тауарлардың шартты бағасын, жеткізілім көлемі мен жиілігін ескере отырып есептейді және оны декларант депозитке жоспарланған жеткізілімдердің күнтізбелік айы басталғанға дейін салады.

2.3. Кеден органының мерзімдік декларациялау процедурасын пайдалануға рұқсатты беруге қатысты шешімі ынталы адамға жазбаша түрде 10 күн мерзімінде жеткізілуі тиіс.

Импортшы:

а) кеден ережелерін елеулі дәрежеде бұзса немесе кеден ережелерін қайталап бұзса;

б) белгілі бір ғана тауарларды кедендік декларациялауды жүйесіз жүзеге асырса;

в) кеден төлемдері мен салықтары бойынша борышы бар болса;

г) осы тәртіптің өзге де ережелерін бұзса, рұқсатты беруден бас тартылуы мүмкін.

2.4. Мерзімдік декларациялау процедурасын пайдалануға рұқсат декларантқа әкелуге тыйым салынған тауарларға қатысты талаптарға немесе заңдарда көрсетілген өзге де шектеулерге сәйкес тиімді бақылауды қамтамасыз ету мүмкіндігі бар болса, жазбаша түрде 1 жыл мерзімге беріледі.

Мерзімдік декларациялауға рұқсатқа көрсетілген мерзім (1 жылдан аса) өткен соң кеден органына келесі жеткізілімге дейінгі 1 ай ішінде екінші рет өтініш беріледі. Мерзімдік декларациялау процедурасын одан әрі пайдалануға рұқсат беру мәселесі осы тәртіпке сәйкес шешіледі.

2.5. Импортшыға мерзімдік декларациялау процедурасын пайдалануға рұқсат берген кеден органы осы ережелердің 2.3.-тармағында көрсетілген жағдайларда рұқсатты кері ала алады.

2.6. Тауардың әр тораптамасы келген сайын кеден органына жүк-тауар жолдау құжаттары ұсынылады.

Кеден органы оларды алдын ала тексеруді және осы құжаттардағы деректердің тауарларды қарап тексерудің, қажет жағдайларда кеден сараптамасының нақты нәтижелеріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Жүк-тауар жолдау құжаттарында осындай сәйкестік анықталса, тексеру мен қарап тексеруді жүргізген лауазымды адамның жеке қолымен, сондай-ақ жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілетін күн қойылады және "Шығаруға рұқсат етіліп

отыр. Мерзімдік декларациялау" жазуы жазылады (немесе жай мөртаңба қойылады). Осы сәттен бастап тауар еркін айналымға шығарылған болып есептеледі.

2.7. Мерзімдік кедендік декларацияны ұсыну мерзімдік декларациялау процедурасына сәйкес тауарды жеткізу жүргізілген күнтізбелік ай аяқталғаннан кейінгі 10 күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Декларант кеден органына "ТМД"-ның (тауарларды мерзімдік декларациялау) 1-бағанының үшінші бөлімшесінде көрсете отырып, "тауарларды еркін айналымға шығарудың" кедендік режимі үшін қарастырылған ережелерге сәйкес толтырылатын мерзімдік кедендік декларацияны ұсынады.

2.8. Мерзімдік кедендік декларация бойынша тауарларды кедендік ресімдеу кезінде кеден органы кеден төлемдері мен салықтарын есептеу мақсаттары үшін Ұлттық банк белгілейтін, мерзімдік кедендік жүк декларациясы қабылданған күнге қолданылып отырған валюта бағамы қолданады.

Бұл ретте кеден төлемдерінің шотына алушының төлеген депозитті сомасын есепке жатқызу жүргізіледі, қажет кезінде алдын ала төлемнің керекті лимитін толтыру жүзеге асырылады. Мұндай мерзімдік декларациялауға рұқсатта айтылған лимит 10 күн ішінде төленбесе, кеден органы импортшыны борышкер деп жариялайды және осы ережелердің 2.3.-тармағына сәйкес мерзімдік декларациялауға рұқсатты кері алады.

2.9. Мерзімдік кедендік декларация бойынша тауарларды кедендік ресімдеу кезінде заңдармен көзделген кеден төлемдері мен салықтарын төлей, экономика саясатының шараларын сақтай отырып, "тауарларды еркін айналымға шығарудың" кедендік режиміне қатысты кеден заңдарымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Мерзімдік декларациялау процедурасы бойынша кедендік ресімдеуді жүргізіп отырған кеден органының кедендік бақылауының мақсаттары үшін белгіленген нысандағы журналда тауарларды есепке алуды жүргізу қажет (1 а-қосымшаны қараңыз).

2.10. КЖД ұсынылмаған жағдайда кеден органы кедендік құнды түзету,

бюджетке кеден төлемдері мен салықтарын төлету, сондай-ақ мерзімдік декларациялау процедурасын одан әрі пайдаланудың мақсатқа сай келетіндігін анықтау үшін жүк алушы-кәсіпорынды тексереді.

2.11. Осы процедура бойынша кедендік ресімдеуді бұзуға жол берген адамға осы ережелерде және кеден заңдарында қарастырылған шаралар қолданылады.

1а қосымша

Мерзімдік декларациялау бойынша
тауарларды есепке алу журналы

Тауарды	Мәлімдеуші	Рұқсаттың	ТМД бойынша	КЖД-ның	
қарап	-ұйым	нөмірі	ресімдеуді	мерзімдік	
тексеруге		жүргізген	N Шығару		
ұсыну күні		инспектордың Т.Е.	күні		

N 1б - қосымша

Тауарларды мерзімдік декларациялауға
РҰҚСАТ

N 0000/000* 19 _____

Ескерту:

<*>

Рұқсат нөмірі төмендегіше қалыптастырылады:

0000 - рұқсатты берген кеден органының коды

000 - рұқсат нөмірі

Осы _____ "тауарларды

/ұйымның атауы мен мекен-жайы/

еркін айналымға шығарудың" кедендік режимімен орналастырылатын импортталатын тауарларды мерзімдік декларациялау процедурасын пайдалануға төмендегі тауарлар үшін рұқсат етіліп отыр:

/тауарлардың СЭҚ ТН-ға сәйкес атауы мен коды/

Рұқсат міндеттерді жүктейді және Мемлекеттік кеден комитетінің кеден заңдары және нормативті актілерімен көзделген құқықтарды береді.

Осы рұқсаттың қолдану мерзімі

19__ ж. "____" _____ аяқталады.

М.О.

Кеден органының бастығы

2-қосымша

Алдына ала декларациялау кезінде импортталатын тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібі

Әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеу барысын одан әрі жеделдету үшін декларанттарға тауардың кеден аумағына әкелінгеніне дейін төмендегідей тәртіппен кедендік жүк декларациясын ұсынуға рұқсат етіледі:

1. Декларанат тауарлар әкелінгенге дейін әкелінетін тауарларға кедендік жүк декларациясын толтырады және кедендік ресімдеуді жүргізуге қажетті және жеткілікті барлық құжаттармен бірге кеден органына ұсынады (тауарлар келген сәтте ұсынылуға тиісті тауар жолдау құжаттарының түпнұсқаларын қоспағанда). Бұл ретте тауарлардың келіп жетуінің керектігі белгіленетін мерзім КЖД-ның кеден органында тіркелгеннен кейінгі 10 күннен аспауы керек. Тауар аталған мерзімде ұсынылмайтын болса, декларацияның күші жойылуы тиіс.

2. Әкелінуге дейінгі декларацияланатын тауарға кеден төлемдері мен салықтарының ставкалары, сондай-ақ кедендік жүк декларациясы қабылданған күн қолданылып отырған заңдармен белгіленген өзге де шаралар қолданылады.

3. Кедендік жүк декларациясы ҚР МКК белгілеген тәртіппен толтырылады. Бұл ретте "Декларацияның үлгісінің" 1-бабының үшінші бөлімшесінде "МД" - алдын ала декларациялау деп көрсетілуі керек.

4. МД процедурасы бойынша тауарды кедендік ресімдеу таңдалған кеден режиміне сәйкес кеден заңдарымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5. КЖД тіркелген соң кеден органы кедендік ресімдеудің барлық кезеңдерінде барлық құжаттарды тексеруді, оның ішінде кеден төлемдері мен салықтарын төлетуді жүзеге асырады.

6. Тауар Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінгеннен кейін декларант тауарды қарап тексеруге ұсынады және КЖД-ны тіркеу кезінде тізбеге жазылатын жетіспеген тауар жолдау құжаттарын көрсетеді.

7. Тауарларды қарап тексеруді жүзеге асырғаннан және теңдестіруді жүргізгеннен кейін кеден органы кедендік жүк декларациясының Д-бағанында "Шығаруға рұқсат етіліп отыр" жай мөртаңбасын және инспектордың жеке нөмірлік мөрін қою жолымен тауарларды шығару туралы шешім қабылдайды.

